

**Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің психологының 2022 – 2023 оқу жылы бойынша
жылдық жұмыс есебі**


Қыркүйек айының алғашқы аптасында 1 сыныптардың мектепке даярлық деңгейін анықтау мақсатында «Керн-Иерасек» әдістемесі жүргізілді. Керн-Иерасек диагностикасы бойынша берілген тапсырмалар толық орындалып, оқушыларға сәйкесінше балл қойылды.



Сонымен қатар осы қыркүйек айында 6 – 9 сынып білім алушыларының агрессия түрін анықтауға арналған «Басса-дарки» әдістемесі, 3-ші аптада мектептік мотивация әдістемесі, 4-ші аптада таным процестерін зерттеуге және темперамент анықтауға арналған топтық сауалнамалар алынды.








Сонымен қатар қыркүйек айында оқушылардың бойындағы зейіннің негізгі қасиеттерін, қол моторикасын дамыту мақсатында 1 сынып білім алушыларымен сергіту сәті өткізілді.



Қазан айының алғашқы аптасында жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында 5-7 сынып білім алушыларынан Р.Гудман сауалнамасы алынды. Білім алушылардың диагностика қорытындысы бойынша нәтижелері жақсы. Барлық шкала бойынша қалыпты көрсеткішке ие.



Сондай ақ білім алушылардың стресс, депрессия, қорқыныш-үрейлерін анықтау мақсатында 8,9 сынып білім алушыларынан сауалнама алынды.



Қараша айында білім алушылардың арасындағы өзара эмоционалдық қатынасты (симпатия, антипатия) анықтап, сыныптың белгілі-бір мүшесінің топтық жағдайын анықтау арқылы қарым-қатынаста алатын орнын белгілеу мақсатында «Социометрия» әдістемесі жүргізілді.



Балалар арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 2022 жылдың қараша айында ата – аналармен дөңгелек үстел өткізілді.




2022 жылдың 10 қараша күні келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында 7 сынып білім алушыларына «Өз іс – әрекетіме қаншалықты жауаптымын?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.





Желтоқсан айында білім алушылар мен педагогтардың бір – біріне деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру, бір – бірлеріне көтеріңкі көңіл сыйлау мақсатында «Құпия дос» акциясы ұйымдастырылды.





Желтоқсан айында білім алушылардың қиялдарына ерік беру арқылы сөмкенің орнына ерекше бір затты әкелу, күнделікті өмірден жалықтырып алмау мақсатында 5-6 сынып оқушыларына және педагогтарға «Сөмкесіз бір күн» акциясы ұйымдастырылды.



Сонымен қатар желтоқсан айында «Бақытты бала – отбасы айнасы» апталығы барысында «Караоке терапия», сурет көрмесі, педагогтар арасында дөңгелек үстел, көңілді үзіліс ойындары өткізілді.



Қаңтар айында жоғары оқу орындарының студенттерін кездесуге шақыра отырып, оқушыларға мамандық таңдау, оның адам өмірінде алатын орны, маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында 8-9 сынып білім алушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.



2023 жылдың 23 қаңтар күні 8 сынып білім алушыларына буллинг, кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шара барысында презентация көрсетіліп, буллингтің алдын алу әдістері мен күресу жолдары туралы ақпарат кеңінен түсіндірілді.




2023 жылдың 13 – 15 қаңтар күндері аралығында балалар мен жасөспірімдерді жәбірлеудің алдын алу мақсатында 6 – 9 сынып білім алушылары анонимді түрде сауалнама алынып қорытындыланды.






Ақпан айында оқушыларды емтиханға дайындау, емтихан кезінде оқушыларды өзінің мінез - құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету мақсатында 9 сынып білім алушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны өткізілді.



2023 жылдың 9 ақпан күні мектебімізде әкелеріміздің қатысуымен «Бала – отбасы айнасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шара басында әкелермен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында сергіту ойыны өткізілді. Сондай – ақ әкелермен буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында тренинг жүргізіліп, әрі қарай сұрақ-жауап ойынымен жалғасты. Шараның толық сілтемесі төменде көрсетілген.

<https://www.instagram.com/reel/CottUotAMu5/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



2023 жылдың 15 мамыр күні мектебімізде Халықаралық Отбасы күніне орай ата – аналар мен педагогтар арасында «Тілекке толы талшыбық» тақырыбында шара өткізілді. Шараның мақсаты ата – ана мен оқушы арасындағы ізгі қарым – қатынастың орнауына ықпал ету, отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету. Шара барысында ертегі терапия, арт терапия, әр түрлі техникалар қамтылды. Ата – аналар мен педагогтар шараға белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті. Шара барысы видеоролик ретінде инстаграм желісіне салынды.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/CsYqf-pozhK/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

